

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 қазандағы N 1002 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мемлекеттік органдар үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны куәландыратын орталықты құру және дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Гамма технологиялары ғылыми-зерттеу зертханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік органдар үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны куәландыратын орталықты құру және дамыту жөніндегі тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді көрсетушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік органдар үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны куәландыратын орталықты құруға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 008 "Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде 76720,0 (жетпіс алты миллион жеті жүз жиырма мың) теңге сомасында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) бірлесіп, мемлекеттік органдар үшін құрылатын электрондық цифрлық қолтаңбаны куәландыратын орталықтағы ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі арнайы талаптарды сақтауды; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі